

Темірғали Көкетаевқа

Физика -математика -несібеңіз
Алты Алашқа әйгілі есіміңіз.
Бірақ, аға, есебін бұл қулардың
Сіз шығара алмайсыз - кешіріңіз
Бұл шайтанның есебі жан улаған
Шығара алмай, ел естен
тауда,аға
Амалында қосу мен көбейту жоқ
Бөлу ғана - мұныкі,
Алу ғана.
Мен түгілі көктегі Құдайға анық
Көз атаулы барады лайланып
Бөлуменен алудың күні туды,
Көбейту мен қосуың былай
қалып.
Өз есебін шығармай қоймайды
бұл,
Біз - етекте,
Төбеден ойнайды құр:
Сізді қалай - ақымақ, мені -
мәжнүн
Елді есалаң тобыр деп ойлайды
бұл!
Серік Ақсұңқар

Жұмыс тәртібі:

Күн сайын сағат 9:00—18:00 дейін ашық

Демалыс күндері—сенбі, жексенбі

Әр айдың соңғы күні—тазалық күні

Мекен-жайымыз:

Ұлытау облысы,

Жаңаарқа ауданы,

С.Сейфуллин ауылдық округі,

Саябақ көшесі, 15

Телефон: 87103050623

Біздің электронды поштамыз:

seifullinkitaphana@mail.ru



<https://facebook.com/seifullinauyldikkitaphana>



s.seifullinlibrary_



tiktok.com/@s.seifulliblibrary

Дайындаған: Искакова М.С.

С.Сейфуллин ауылдық үлгілі
кітапханасы



Ғасыр адамы
атанған ғалым

ӨМІРБАЯНЫ

1938 жылы наурыз айының 25-шы жұлдызында Қарағанды аймағы, Жаңаарқа ауданының Жеткеншек ауылында (қазіргі С. Сейфуллин атындағы) туған.

Оқу бітірген соң 1957 жылы Жеткеншек ауылында бастауыш мектепті бітіріп, 1951-1957 ж.ж. Алматы қаласындағы №12 мектеп-интернатта оқыдым. Мектепті бітірген соң Жаңаарқа ауданының Жеткеншек ауылында екі жыл шопан болып жұмыс істедім.

1959 жылы Алматыдағы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының (қазіргі Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті) физика-математика факультетіне түсіп, 1964 жылы физика және жалпытехникалық пәндер мамандығы бойынша аяқтадым. 1964 жылы Абай атындағы ҚазПИ-ге стажер-зерттеуші, 1966 жылы аспирантураға алынып Тарту университетіне (Эстония ССР) командировкаға жіберілдім. 1970 ж. Тарту мемлекеттік университетінің докторлық диссертациялар қорғайтын Маманданған Ғылыми Кеңесінде «Мыс және күміс иондарының сілтілі-галоидтық кристалдардағы люминесценция орталықтарының табиғаты» туралы мәселе бойынша физика-математика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғадым.

1969-1972 ж.ж. аралығында ҚазПИ-де аға-оқытушы, доцент, физика факультеті деканының орынбасары болдым.

1972 жылы Жоғары оқу министрлігінің бұйрығы бойынша жаңа ашылған Қарағанды мемлекеттік университетіне Қатты дене физикасы кафедрасының меңгерушілігіне ауыстым.

1988 жылы "Әртүрлі модификациядағы активацияланған иондық кристалдағы люминесценция және электрондық козулар" тақырыбында Оралдың мемлекеттік политехникалық институтында (қазіргі Екатеринбург политехникалық университеті) физика-математика ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін диссертация қорғадым.

Марапаттары мен атақтары

1981ж. СССР космонавтика федерациясының ұшқыш-ғарышкер Ю.А. Гагарин атындағы медальмен наградталды.

1982 ж. Жоғарғы білім министрлігінің Құрметті грамотасымен наградталды.

1983ж. Бүкілодақтық "Білім" қоғамының "За активную работу" белгісімен наградталды.

1983ж. Жоғарғы білім министрлігінің Құрметті грамотасымен наградталды.

1999 ж. Халықаралық биографиялық орталық (Кембридж, Англия) "XX-ғасыр ғұламасы" деген атақ берілді. "XX-ғасырдың аса көрнекті қайраткерлері" деген кітапқа өмірбаяны жазылып, күміс медаль тапсырды.

1999 ж. Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

2001ж. Халықаралық биографиялық орталық (Англия, Кембридж) "2001 жылдың Халықаралық ғалымы" деген атақ беріп, аты-жөні жазылған алтын медаль мен диплом тапсырды.

2002 ж. «Ғылым мен техниканың дамуына қосқан аса зор үлесі үшін» Қазақстан Республикасының мемлекеттік стипендиясы тағайындалды.

2007 ж. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі жас ұрпақты оқыту және тәрбиелеу ісіндегі елеулі табыстары үшін Ыбырай Алтынсарин атындағы медальмен марапаттады.

2008 ж. «Жоғарғы оқу орынның үздік оқытушысы» грантының иегері.

2009 ж. Білім беру саласындағы ерекше еңбегі үшін «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» белгісімен марапатталды.

